# Мемлекеттік орман қоры учаскелерін орман иелену құқығымен беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 ақпандағы № 41 қаулысы

2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексі 12-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік орман қорын күзету, қорғау, ормандарды молықтыру мен орман өсіру, мемлекеттік орман қорының кешенді пайдаланылуын ұйымдастыру үшін осы қаулыға қосымшаға сәйкес:

1) Шымкент қаласының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Жасыл белдеу" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік орман қорының ауданы 752,8 гектар учаскелері;

2) "Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Атырау орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік орман қорының ауданы 4784,0 гектар учаскелері;

3) "Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Махамбет орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік орман қорының ауданы 12430,0 гектар учаскесі орман иелену құқығымен берілсін.

2. Шымкент қаласының және Атырау облысының әкімдері Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *А. Мамин*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 9 ақпандағы
№ 41 қаулысына
қосымша

# Орман иелену құқығымен берілетін мемлекеттік орман қоры учаскелерінің экспликациясы

ауданы гектармен

| | Аумағынан мемлекеттік орман қорының | Мемлекеттік орман қорының учаскелері берілетін мемлекеттік мекемелердің атауы | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат** | **Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат** | **Шымкент қаласы Табиғи ресурстар және табиғат** |

| Р/с № | учаскелері берілетін мемлекеттік мекемелердің атауы | **пайдалануды реттеу басқармасының "Атырау орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме" коммуналдық мемлекеттік мекемесі** | **пайдалануды реттеу басқармасының "Махамбет орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме" коммуналдық мемлекеттік мекемесі** | **пайдалануды реттеу басқармасының " Жасыл белдеу" коммуналдық мемлекеттік мекемесі** |
|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| 1 | Түркістан облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының " Бадам орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме " мемлекеттік мекемесі | | | 752,8 |
| 2 | Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Атырау орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекеме" мемлекеттік мекемесі | 4784,0 | 12430,0 | |
| ЖИЫНЫ: | | 4784,0 | 12430,0 | 752,8 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК